



***Қарым –
қатынас
мәдениеті***





Достар жыры

Сөзі: Т. Молдағалиев

Әні: Ә. Бейсеуов

*Адал достық, ақ махаббат, ақ тілек,
Дүниедегі бар тәттіден тәттірек.
Досың болса, көңілін тап әрқашан,
Ренжітпе бетіне оның қатты кеп.*

Қ/сы:

*Достық- көңілдің жалауы,
Достық- жүректің қалауы,
Достық озып біздерден,
Еркін ертеңге барады*



*Қайда жүрсек хат жазысып тұрайық,
Хат жазысып халімізді сұрайық.
Екіншіміз күлдірейік күн болып,
Біреуіміз жүрген болсақ мұңайып.*

Қ/сы:

*Достық әні-бар дауыспен айтарым,
Достық үні-ең биік үн, байтақ үн.
Досым сенің ауылыңа, үйіңе,
Көңіліңмен күнде барып қайтайын.*



1-ойын

Әңгімелесу



I топ:

Адамға қарым-қатынастың қажеттілігі неде?

Адамдармен қарым-қатынасты қалай құру қажет деп ойлайсың?

II топ:

Қоршаған ортамен қалай қарым-қатынас жасауға тиіспіз?

Өзгелермен қалай қарым-қатынас жасайсың?



2-ойын



Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс

1.Парақтар таратылады.

2.Оқушылар екі топқа бөлінеді.

3.Әр топ бір қасиетті суырады. 4.

Берілген қасиеттер бойынша тақпақ шығарады.



“Жан жарасы жазылмайды”



Ертеде қарияның ашушаң, ұстамсыз баласы болыпты. Бір күні қария баласына бір қапшық шеге беріп:

- Өзіңді ашу қысқан сайын ағаш бағанға шеге қағып, ашуың басылған кезде, суырып аларсың, - дейді.

Бала бірінші күні - ақ бағанға он шақты шеге қағылғанын байқап, өзін - өзі ұстауға, ашуға бой бермеуге тырысты. Қағылған шегенің саны күнбе-күн азая бастады. Бала бағанға шеге қағылғаннан гөрі ашуын басқан жеңіл екенін түсінді. Ақырында бағанға бір шеге қақпаған күнге де жетті. Сонда әкесі баласын бағанға жетелеп келіп:

-Жарайсың, балам! Бірақ бағанның шұрық-шұрық болғанын көріп тұрған шығарсың? Ол ешқашанда бастапқы қалпына келе алмайды. Адамға жүрегіне ауыр тиетін сөз айтсаң, оның көңіліне жара саласың, оның жан дүниесі осы баған сияқты шұрық-шұрық болады. Одан кейін қанша кешірім сұрасаң да, жан - жарасы жазылмайды. Ашуыңды ақылға жеңгізе біл, балам,- дейді.

1.Әкесі баласын қалай ұстамдылыққа үйретті?

2.“Ашуды ақылға жеңгізе біл” дегенді қалай түсінесіңдер?

3.Сіз сол баланың орында болсаңыз, ашуланған кезде өзге туралы жамандық айтасызба?

Назар аударыңыз



*Өмір-теңіз, жүзем онда деменіз
Ізгілікпен жасалмаса кемеңіз.*

Рудаки

- 1. Бұл дәйексөзден не түсіндіңдер?*
- 2. Бұл дәйексөзден не үйрендіңдер?*



Шығармашылық
жұмыс

**“Қарым – қатынас
мәдениеті”
(постер қорғау)**





Жүректен жүрекке...



Өкпелей салып, кешіру оңай емес. Дегенмен де мына жағдайларды есіңізге ұстаңыз:



- 1.** Кез келген адам тұрмыс–тіршілікте қателік жіберуі мүмкін. Оны дер кезінде жөндеп отырса, оқасы жоқ.
- 2.** Қандай да бір шешім қабылдайтын болсаң, өз шешіміңе байыппен қарап, талқылауға тырыс.
- 3.** Екінші адамның жанды жеріне тимеуге тырыс.
- 4.** Өзгенің айтқандарын толық мақұлдамасаң да, толығымен жоққа шығарма. Оны тыңдамау оның ренішін өршіте түседі.
- 5.** Тіл ұшымен «кешір» дей салу тыдап тұрған адамның ашуын қоздырып жіберуі мүмкін. Сондықтан кешірім сұраған кезде екінші адамның жанына жайлылау тиетін әңгіме өрбіткен дұрыс.
- 6.** Сен кешірім сұрап тұрғанда ол саған қарсылық реакциясын білдіріп, өзінің сен туралы жаман ойлайтындығын айтып салуы мүмкін. Сондықтан қарсы шабуылға шығып кетпей, байыпты болғаныңыз дұрыс.



Аңса жаным

Сөзі:М.Мақатаев

Әні:Т.Төлендиев

Мен тілейін жарқыным, сен де тіле,
Орнасын де жақсылық жер бетінде.

Аққу тіле айдынның келбетіне,
Айдын тіле аққуды тербетуге.

Мен аңсаймын, сен-дағы аңса жаным,
Жайлап ескен жақсыдан жан самалын.
Аңса, жаным, зарығып, шарша, жаным,
Қанша ғұмыр, қалса да қанша амалың.

Мен сағынсам, сен-дағы сағын жаным,
Тек жақсылық адамнан табылғанын,
Ала көзсіз, ашусыз бауырлардың,
Алқам-салқам аңсаймын қауымдарын.

Болса-дағы көңілім қанша жарым,
Білінбейді солармен шаршағаным.
Жайлап ескен жақсыдан жан-самалын,
Аңса жаным, жабықпай аңса, жаным.